

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№1 (29) қаңтар-наурыз 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернеиқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алымбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташев – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozdoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР КҮРЕСІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕН (ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕҢБЕКТЕРДЕ)

О.Б. Қуанбай^{1*}, Н.Н. Құрманалина²

¹Анкара Университеті, Анкара, Түркия. ²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.

*Автор-корреспондент. E-mail: olkube89@gmail.com (Қуанбай), nurgulca@mail.ru (Құрманалина)

Аңдатпа. Мақалада қазақ-жоңғар күресінің тұлғалар тарихында көрініс табуы қазіргі қазақстандық еңбектер негізінде қарастырылған. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тұлғалар тарихында көрініс табуын зерттеу ауқымды жұмыс. Оның себебі қарастырылып отырған кезеңде, яғни XVII-XVIII ғғ. қазақ-жоңғар күресіне атсалысқан, елінің азаттығы үшін еңбегін сіңірген белді қайраткерлердің көп болуымен түсіндіріледі. Сондықтан мақала аясында қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тұлғалар тарихындағы сипатының тым өзекті деген мәселелеріне көңіл бөлінді. Бұнда қойылған міндетті орындау үшін Жалаңтөс батырдың, Жәңгір ханның, Әбілхайыр ханның, Бөгенбай батыр сияқты тұлғалардың өмір тарихы мен жоңғар басқыншылығына қарсы күрестегі атқарған істерінің жекелеген мәселелеріне талдау жасалды. Бұл жердегі негізгі міндет - алда зерттеуді қажет ететін өзекті проблемалардың көптігіне назар салу. Сонымен қатар зерттеуге байланысты тарихшылардың ой-қорытындыларын мысал ретінде келтіре отырып, болашақта зерттелінуі тиіс басым бағыттарды екшелеп көрсетуге мән берілді.

Түйін сөздер: қазақ халқы, жоңғарлар, Абылай хан, Жалаңтөс батыр, Орбұлақ шайқасы, Қабанбай батыр.

Кіріспе. Ел тарихында белді тұлғалардың, яғни «Абылай заманын» алып қарайтын болсақ, хандардың, сұлтандардың, батырлардың т.б. қазақ қоғамында алатын орны ерекше еді. Олардың елін, жерін қорғауға қосқан үлестерін зерделеудің өзі бір ауқымды жұмыс. Бұл жаугершілік заманда Жалаңтөс батыр, Жәңгір хан, Әбілхайыр хан, Бөгенбай сияқты әрбір тұлға ержүрек жауынгер болып та табылған. Олардың қазақ-жоңғар күресі кезеңіндегі өмірі мен қызметі бойынша жекелеген мәселелерінің зерттелуін қарастыру өзекті. Себебі тұлғатану тұрғысынан қайракерлеріміздің әрқайсысын жеке-жеке дәйекті деректер арқылы зерттей түссек, отандық тарихымыздың көкжиегін кеңітетін едік. Ол үшін алдымен осы бағыттағы жасалған жұмыстарды саралап алу қажет.

Материалдар мен әдістер. Мақалада негізгі материалдар мен деректер ретінде 1991 ж. бері қарайғы уақытта жарыққа шыққан қазақстандық зерттеушілердің еңбектері алынды.

Зерттеу әдістері ретінде жалпы гуманитарлық ғылыми зерттеулерде қолданылатын: қорыту, талдау, салыстыру сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды.

Талқылау. XVIII ғасыр – батырлар заманы болғандықтан, бұл ғасырдағы тарихи тұлғалардың бәрі дерлік қол бастаған батыр, қолбасшы боп көрінетінін Б. Кәрібаев орынды түйіндеген. Бұл дәуірдегі батырлардан бөлек хандар, билер, жыршы-жыраулар да батыл ер ретінде жер қорғауға өз үлестерін қосқан. Тарихшы батырлар туралы өз ойын жалғап, оларды бірнеше топқа бөліп қарастырғанды оң санаған. Ол егерде жазба деректермен қатар халық ауыз әдебиетінде жиі айтылатын көптеген батырлардың бәрін саралайтын болсақ, онда оларды шартты түрде үш топқа жіктеуге болатынын айтып, былай көрсеткен: «бірінші топқа – есімдері барша жұртқа әйгілі болған халық батырлары жатса, екінші топқа – есімдері тайпа мен тайпалар арасында танымал болған батырлар енеді. Ал ру мен рулар арасында белгілі болған батырларды

үшінші топқа жатқызамыз», – деп көрсеткен (Кәрібаев, 2015: 124). Осы жіктеме бойынша бірінші топқа жататындарды жүзге бөлу, тайпалық принцип ұстау сияқты бейберекетсіз жағдайлар кездескенмен, ұлылар бір тайпаның бір жүздің маңдайына симайтындығын М.Қ. Қозыбаев жазды (Қозыбаев, 2001: 8). Автор олардың қатарында Жалаңтөсті атайды. Жалпы, есімі күллі қазаққа белгілі болған, өмірі ел-жұртымызды сыртқы жаудан қорғаумен өткен хандардың, батырлардың, билердің қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі мәселесі шеңберіндегі өмір тарихының кейбір мәселелерінің зерделенуін жеке қарастыруға лайықты.

Зерттеу нәтижелері. Тарихтағы қазақ-жоңғар соғысынан белгілі Жалаңтөс батырдың шығу тегіне байланысты зерттеушілердің көбі оның Алшын-Әлімұлы-Төртқарадан шыққандығын жазады. М.С. Мұқанов: «...знаменитый Жалантос батыр из рода торткара племен алимулы Младшего жуза», - деп жазған (Муканов, 1998: 10). В.З. Галиев те Жалаңтөс батырды алшын деп көрсеткен (Галиев, 2013: 49). Келесі зерттеуде батырдың Алшын-Әлімұлы-Төртқара руынан екендігі көрсетілген (Сабитов, 2016: 110). Ж.М. Сәбитов «Ялантуш (Жалантос) из рода Алшин» атты Жалаңтөс тұлғасы туралы зерттеу мақаласында оған қатысты бірқатар мәліметтерге талдау жасаған. Ол бір тұлға туралы Ялантуш есімі орыс және ортаазиялық деректерде, ал Жалаңтөс тек қазіргі қазақ шежірелерінде ғана кездесетіндіктен, зерттеуінде бірінші нұсқаны қолданып жазғанын ескертеді (Сабитов, 2016: 100). Ялантуш есімі оған шайқаста сауытсыз күрескені үшін берілуі мүмкін деген ойын автор келтірген. М.Қ. Қозыбаев Жалаңтөстің есімін анасы Ақтұмар көкжал қасқырдың төс етіне жерік болуымен байланыстылығы туралы нұсқаны келтірген (Қозыбаев, 2001: 8). Ж.М. Сәбитовтың ойынша, Жалаңтөстің әкесінің аты Бай-ходжа болғанымен, туысқандары оны Сейітқұл атаған. Онымен қоса автор көрсеткендей, қазақстандық тарихнамада Алшын-Әлімұлы-Төртқарадан шыққан қазақ батыры Жалаңтөс, өзбек тарихнамасында Ялантуш өзбек, ал орыс жылнамаларында ол татар князі ретінде танылған. Зерттеуші ойын қорытындылай келе Ялантуштың қазіргі түсініктегі қазақ та емес, өзбек те емес, өзін алтынордалық Алау әмірдің ұрпағы Алшын деп санағанын, ал оның діни және саяси жағынан сипаты кейін белгіленгенін жазады. Ары қарай автор Жалаңтөстің алғашында өзбек әмірі болғанын, кейін бақылауына қазақтың кейбір көштері (алшын руының) түскеннен соң, оның қазақ батыры ретінде аталғанын алға тартады (Сабитов, 2016: 101). Жалаңтөс батырдың шығу тегіне қатысты зерттеушілер жоғарыдағыдай деректерді келтірген.

Енді батырдың «Орбұлақ шайқасына» қатысуына байланысты мәселелерді қарастыруда Жәңгір ханның 1643 ж. 600 жауынгерімен жоңғарлардың үлкен жасағына (50 мың жауынгер) қарсы шығып, оған Жалаңтөстің 20000 сарбазымен көмекке келгендігі туралы оқиға көпшілікке таныс. Тарихи әдебиеттерде көп айтылып жүрген Батыр қоңтайшының Жәңгір сұлтанмен соғыстары бойынша Н. Мұқаметқанұлы: «іле-шала Жалаңтөс сұлтан екі мың қолмен келіп, көмектесіп, батыр Қоңтайжиді зорлықпен шегіндірді», - деп жазады (Мұқаметқанұлы, 1994: 47). Бұл жердегі ерекшелік, Жалаңтөстің сұлтан аталып көрсетілуімен қатар оның қол астындағы жауынгерлер санының 20 мың емес, екі-ақ мың болғандығы автордың сүйенген дерегінің мағлұматына сай жазылған болуы керек.

Ж.М. Сәбитов Жәңгір ханның бұхарлық ханнан көмек сұрағанын, ал ол көмекке Бұхарадан Жалаңтөс әскерін, Самарқаннан өзінің ұлы Абдал Әзиздің жасағын және Әндіжаннан Әбдірахман Үйсіннің жауынгерлерін жібергенін көрсеткен. Автордың ұсынған нұсқасында оқиға желісі бойынша қазақ пен жоңғар шайқасының соңына таман тек Жалаңтөс жасағы келіп жеткен. Оның себебі ретінде Жалаңтөстің 1630-жж. соңы мен 1640-жж. Кіші жүз қазақтарына құрамындағы Алшын тайпалық бірлестігінің бейресми көшбасшысы болғандықтан, жоңғарлармен соғысқа басқа бұхарлық әмірлермен салыстырғанда белсене қатысқандығы түсіндірілген (Сабитов, 2016: 106, 111). Ж.М. Сәбитов бұл деректер бойынша Бартонға (Burton) сілтеме жасаған, себебі оның ойынша, Бартон Бахр әл-Асрар Махмұд Бен Уәли деректеріне сүйеніп жазған. Ал Ә. Хасеновтың ойынша, Бұқар әскерінің бұл оқиғаға қатысы болмаған және Жалаңтөс Самарқаннан келмеген, олар қазақ жасақтары болған. Ә. Хасенов сонымен қатар Жәңгір жасағы санының 600 адамнан әлдеқайда көп болғандығы туралы ой-тұжырымын берген (Хасенов, 1994: 32). Бұл жерде автор нақты дерекке сүйенгендігін көрсетпейді. Келесі еңбекте

Жалаңтөс Жәңгірдің Самарқандағы досы ретінде беріледі (Кәрібаев, 2016: 137). С. Мадуанов: «во второй половине 40-х первой половины 50-х гг. XVII в. наблюдается совместная борьба казахов, кыргызов и узбеков против натиска Джунгарии», - деп көрсетті (Мадуанов, 1995: 35). Автордың 1640-50 жж. Жоңғар хандығының шабуылына қарсы қазақтар қырғыздармен, өзбектермен бірлесіп күрескендігі туралы пікірі қырғыз тарихшылары тарапынан қолдауға ие болған.

В. Галиевтің ойынша, 1643 ж. қазақ-жоңғар соғысы төрт жылға созылған, ол: «началась новая казахско-джунгарская война, длившаяся четыре года. В 1643 г. Батур захватил земли двух больших казахских и киргизских родов», - деп жазған (Галиев, 2001: 55). Б. Кәрібаевтың зерттеу мақаласында Батыр қоңтайшының қазақтарға қарсы жорығы 1643 жылдың қысында басталып, 1644 жылдың жазының ортасына дейін созылғандығы көрсетілген (Кәрібаев, 2016: 137). А. Жұмаділдің пайымдауынша, Орбұлақ шайқасы 1643 ж. бастап 1647 ж. дейін үш жыл бойы созылған (Мұхатова, 2002: 34). Бұл шайқастың мерзіміне қатысты көпшілік авторлар оның 3-4 жылға созылғандығын жазды.

Ендігі кезекте Орбұлақ шайқасының басты тұлғаларының бірі Жәңгір ханның өмірі мен қызметіне байланысты жүргізілген зерттеулерде Жәңгірдің Есім ханның ұлы екендігі айтылады. Оған қатысты тарихшы Б. Кәрібаев «Жәңгір хан және XVII ғ. қазақ-жоңғар қатынастары мәселелері» мақаласында Жәңгір ханның шын есімі – Жаһангер (парсыша «әлемді бағындырушы, билеуші») екендігін жазды. Автор тарихнамалық жағынан қарастырып, Жәңгір ханның тұтқынға түсу және оның тұтқыннан босатылуы мәселелеріне талдау жасаған. Ол бұған дейінгі зерттеушілердің Жәңгірді жоңғар тұтқынынан ретін тауып қашып шыққан немесе кездейсоқ сәтті жағдай оның жоңғар тұтқынынан босауына әсер еткендігі туралы тұжырымдар болғанын алға тартқан. Тарихшының пікірінше, Жәңгір ханның бостандыққа шығуына Батыр қоңтайшы мен Жоңғариядағы оған қарсы билік тобы арасындағы қайшылықтар әсерін тигізген. Автор Жәңгір ханның билікке келген нақты жылының 1643-1644 жж. сай келетінін көрсетті (Кәрібаев, 2016: 136, 139). Бұл мәселеде нақты деректерді қолданған өзге зерттеушілердің мағлұматтары кездеспеді.

Жәңгір ханның өліміне қатысты И.Я. Златкин оның Очирту-Цецен ханның 17 жасар ұлы Галдаммен жекпе-жекте қайтыс болғанын жазды (Златкин, 1964: 132). Н.Ә. Атығаев Жәңгір хан 1652 жылы жоңғарлармен шайқаста қаза болғанын және оны бұл шайқаста өлтірген жоңғардың батырларының бірі 17 жасар Галдамбаның есімі осыдан кейін аңызға айналғанын көрсетеді (Атығаев, 2015: 249). М.Х. Әбусейітова 1651 ж. оқиғалар қамтылған Зая Бандиданың хроникасында жорық кезінде 17 жасар Галдамның Жәңгірді өлтіргендігі көрсетілгенін жазады (Әбусейітова, 1998: 206). Бұл жерде оқиғаның болған жылында айырмашылық бар. А. Сейдімбек: «джунгары в 1652 г. нанесли поражение казахским войскам. В этом сражении погиб славный хан Жангир», - деп жазған (Сейдімбек, 2001: 80). К. Аманжолов пен А. Тасболатов: «Ойрат шежірешісі Зая-Пандиттің айтуынша, жорық 1652 ж. ғана басталды. Осы жорықта 17 жасар Қалдан Церен Жәңгірді өлтірді», - деп көрсетеді (Аманжолов, 1999: 125). Сол сияқты М.О. Серкпаев оқу құралында Зая Бандида жазды деп, 1652 ж. жорықта 17 жасар Галдан Церен Жәңгір ханды өлтіргендігін көрсеткен (Жумадил, 2015: 22). Алайда бұл жерде Қалдан Церен емес, Галдамба болғаны деректерде берілген. Авторлардың хронологиялық жағына мән бермей көрсеткені қателік тудырған. Оның үстіне жоғарыдағы зерттеушілердің барлығы бірдей тікелей Зая Бандиданың еңбегімен жұмыс жасамағандықтан, (тек И.Я. Златкин өзге тілдегі Зая Бандиданың мәтінімен жұмыс жасағанын байқауымызға болады) олардың берген мәліметтері бір жерден шықпаған. Мәселеге қатысты З. Қинаятұлы «Зая Бандида және қазақ тарихы» атты мақаласында: «Очирт цецен ханның екінші ұлы 17 жасар Галдамба 1652 жылы қазақтармен болған ұрыста қазақтың ханы Жәңгірді өлтірді. 1658 жылы Бұхара қаласының әскер басы Әбшүкірдің 38000 қолымен шайқасып, Көксайда оны өлтірді. Осы кезден бастап оның абырой атағы төрт Ойратқа тарады», - деп Зая Бандида дерегінен алғанын көрсеткен. Автор аталған мәліметтің қазақ тарихи және көркем әдебиетінде мойындалмай келетінін, оған қатысты: 1) хан жекпе-жекке шықпайды; 2) әйгілі салқам Жәңгірдің тәжірибесіз жігіттен өлуі мүмкін емес – деген қисындар алға тартылатынын көрсеткен. Бұларға қарсы З. Қинаятұлы өз тұжырымдарын

ұсынған: 1) моңғол жазылымында жекпе-жек туралы сөз болмайды; 2) Жәңгірдің өлген жылы (1652) моңғол деректерімен сайма-сай келеді; 3) Галдамба оңай қарсылас болмаған (Қинаятұлы, 2003: 39). Моңғол тілін жетік меңгерген тарихшы осындай қорытындыларын ұсынған. Бұл еңбек 2003 ж. жарық көрген, содан бері зерттеушілер тарапынан ғалымның жасаған ой-тұжырымдарының мойындалғаны байқалады. Тек бұл мәліметті жеткізу барысында, жоғарыда талдап кеткеніміздей, азды-көпті кемшіліктер жіберілген.

Ал А.С. Сейдімбек өз еңбегінде 1640-жж. қазақ-жоңғар соғысын спартандықтардың шайқасымен салыстырып, ұқсастырған: «в 1644 году во главе 600 отважных воинов Жангир нанес сокрушительное поражение 50-тысячной армии джунгар. (Такие факты имеют аналоги лишь в случае с 300-ми спартацами, удержавшими войска Дария)» (Сейдимбек, 2001: 80). Қазіргі кезде Орбұлақ шайқасындағы қазақтар жағының ерекше ерлік көрсеткендігі туралы қорытындылар көп кездеседі.

Келесі бір күрделі проблема, Тәуке хан өлімінен кейін қазақтың қай ханының аға хан ретінде сайланғандығы жөніндегі мәселе болып табылады. Бұған қатысты да көптеген зерттеушілердің түрлі пікірлері еңбектерде көрініс тапқан. И.В. Ерофееваның: «...старшим казахским ханам Тауке (1680-1715), Каипу (1715-1718) и Абулхаиру (после 1718-1748) все труднее и труднее было сдерживать сепаратистские устремления других ханов и султанов», - дейді (Масанов, 2001: 168). Оның ой-тұжырымы бойынша Тәуке, Қайып, Әбілхайыр бірінен соң бірі аға хан болған. Тәуке ханнан соң үш жыл мерзім шамасында Қайып аға хан болған, ал одан кейін 1718 ж. бастап өмірінің соңына дейін Әбілхайыр аға хан міндетін атқырған және аталған хандар үшін басқа хандар мен сұлтандардың үдесінен шығу жыл өткен сайын қиын болған. Өзге еңбектерде Әбілхайырдың аға хан болып Қарақұмда сайланғандығы айтылады (Қазақстан тарихы, 2010: 126) (Галиев, 2007: 20). Ал 1726 ж. Ордабасы жерінде кезіндегі Қарақұмдағыдай үш жүздің басы қосылған жиын өткендігін ерекшелеген кейбір авторлар бас қолбасшы болып Кіші жүз билеушісі Әбілхайыр сайланғаны туралы да жеткізді. Басқа жұмыстарда да әскербасы болып Әбілхайыр сайланғаны көрсетілді (Тынышпаев, 1991: 146) (Қазақстан тарихы, 2010: 138). Ж.С. Мажитова хандарды сайлаудың формальді еместігі XVIII ғ. 20-жж. соңында қазақ-жоңғар соғыстарының тиімді нәтижесінде ру ақсүйектерінің жалпықазақтық съезінде әскери жасақты басқарған Әбілхайыр ханды сайлауға шынайы мүмкіндік беруі тарихтағы үлгі болып саналатындығын келтіріп, жоғарыдағы авторлар ойын қолдаған (Мажитова, 2014: 163). Бұл мәселеде негізінен М. Тынышбаевтың қорытындысы қолдауға ие болғаны байқалады. Әбілхайырдың аға хан болып сайлану уақытына қатысты кейбір зерттеушілердің пікірлерінде айырмашылықтар болғанымен, оның Ордабасы кездесуінде бас қолбасшы болып сайланғаны бірауыздан қолдау тапқан.

Кеңестік империя ғалымдары Әбілхайырдың рөлін жоғары бағалағанын К. Данияров көрсеткен. Ал автордың өзінің ойынша, Әбілхайыр сатқын болған. Оның жазғанын сөзбе-сөз көрсетсек: «историческая наука Советской империи, являющаяся, по существу, историей Российской империи возносила Абулхаира, как высоко возносила и предателей других народов и государств». Оған қоса автор Әбілхайырға тұлға ретінде берген бағасында оны теріс жағынан сипаттаған. Ол: «...предатель казахского народа и государства, причинившем большой ущерб казахскому народу в период джунгарского нашествия, сепаратисте Абулхаир-хане», - деп айыптаған (Данияров, 1998: 44). Келесі еңбегінде де автор Аңырақай түбіндегі шайқаста қазақ жауынгерін Әбілхайыр ханның басқарғандығы жөніндегі пікір шындыққа жанаспайтындығын көрсеткен. Сонымен қатар, автордың пікірінше, Әбілхайыр хан жоңғарларға қарсы бар қазақтың бірлескен күресіндегі Кіші жүздің тигізген үлесін ғана кемітіп қоймай, тіптен бұл істе орасан зор зиянын тигізген. Бұл, оның ойынша, ханға берілген объективті баға болмақ. Және де тарихшы Әбілхайыр ханның 1718 ж. Тәуке хан өлімінен соң Қазақ хандығының жүздерге бөлінуіне атсалысқанын, жүздің хандықтан бөлініп, Ресейге ерікті түрде қосылуы туралы шешім қабылдағанын айыптаған (Данияров, 2001: 186). Ол зерттеуін жазу барысында А.И. Левшиннің еңбегін негізге ала отырып, тарихи оқиғаларды өрбіткені көрінеді. Ал Әбілхайырдың тұлғалық қасиеттерінің зерттелуіне мән берген зерттеуш О. Мұхатова өзінің XVIII-XX ғғ. Қазақстан

